

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының 2024-2025 оқу жылының
ұйымдастыру жоспарының

ЕСЕБІ

Ақсу негізгі мектебінде 10.10.2024 ж. Ақсу ауылының кітапханасында "Жемқорлықсыз мемлекет" атты ақпарат сағаты өткізілді. Шараның мақсаты: Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, болдырмау, теріс әсері туралы түсінік беру. Жемқорлықтың тамырына балта шабу, айтуға оңай. Ал жақсы нәтижеге жету үшін әрбір азамат ізгілікке бет бұрғаны абзал екендігін ауыл кітапханашысы Мусина Л.З айтып өтті. Шара барысында оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп ойларымен бөлісіп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін бәріміз бірлесіп жұмыс жасау керек екендігін айтты.



6-7 сынып оқушыларымен "Қамқор жобасы"- "Қоғамға қызмет ету" волонтерлік қызмет тәрбие сағаты өтті. "Қамқор жобасы - қоғамға қызмет ету" және әлеуметтік көмек көрсету бағытындағы волонтерлік бастама 2019 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан жоба. Волонтерлік қызметтің маңызын түсіндіру, азаматтық жауапкершілікті арттыру және оқушыларды ынталандыру.



17.09.2024 ж. Ақсу негізгі мектебінде "Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі" атты адалдық сағаты өткізілді. Еңбек -адам өмірінің негізгі тірегі. Мақсаты: қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, өскелең ұрпақты адал еңбекке үйрету, еліміздің ертеңі жарқын болатындай жастарды тәрбиелеу.

